



**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 26 ақпандағы N 191 қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 17 шілдедегі N 699 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне тұрғын үй салуға және сатып алуға 2008 жылға кредит беру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 26 ақпандағы N 191 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2008 ж., N 10, 107-құжат) мынадай өзгеріс е н г і з і л с і н :

көрсетілген қаулымен бекітілген Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне тұрғын үй салуға және сатып алуға 2008 жылға кредит б е р у е р е ж е с і н д е :

3-тармақтағы "31200000000 (отыз бір миллиард екі жүз миллион)" деген сөздер "16200000000 (он алты миллиард екі жүз миллион)" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*  
*Премьер-Министрі                      К. Мәсімов*